

**«Ақпараттық жүйелер» бөлім жиынының
№10 ХАТТАМА көшірмесі**

Қатысқандар саны: 26

Өткізілген уақыты: 14.01.2025ж.

Өткізілген орны: 217 каб

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие туралы;
2. «Таза сессия - 2024» акциясының жүру барысы;
3. Әрүрлі мәселелер.

Тындалды:

Бөлім меңгерушісі Ә.Нұрбекова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім және тәрбие» тақырыбында сөз қозғап, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай олардың бойында құқықтық сауаттылықты арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру Отанға деген сүйіспеншіліктен басталатынына баса назар аудару керектігін айтып өтті. Оқу, тәрбие жұмысында өскелең ұрпақтың бойында адалдық, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерді дарыту, патриоттық сезімді дамытып, елін сүйетін тұлға қалыптастыру әр ұстаздың міндеті екендігін айтып өтті.

Жиналыс барысында бөлім меңгерушісі сөзін жалғап: Сыбайлас жемқорлық – бүгімізде қоғамда белең алып жатқан ауқымды мәселелерміздің бірі. Бұл бағытта колледжде тиісті жұмысты жүргізу мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет азаматтарды сыбайлас жемқорлықтан қорғайтын ашық, кәсіби және тиімді құқық қорғау органы болу үшін тиісті шараларды қабылдауда. Бұл дертті тек заңмен шеше алмаймыз. Оған қоғам да, оның ішіндегі адамдар да, яғни біз атсалысуымыз қажет. Сана қалыптастыру ең бірінші отбасындағы, оқу орнындағы тәрбиеден басталады. Адамға бала күнінен жемқорлыққа төзбеушілік, парасаттылық, адалдық сынды қасиеттерді бойына сіңіру керек. Сонымен қатар, «Антикорлық сауаттылық» тақырыбында әр пәнде сыбайлас жемқорлықтың зияны, оған тағайындалатын жазалар және т.б. айтылып, болашақ ұрпақтың сана сезіміне жемқорлықтың кесірін, қауіпін ұғындыруына көмек берер еді. Сыбайлас жемқорлық актілері орыналған жағдайға куә болған (дәлелімен) адам сенім жәшігіне жазба қалдырса, жемқорлықтан жапа шегіп, оны жария етуге қорқатын адамдардың қауіпсіздікті екеніне 100% кепілдіктің болуы. Осы арқылы қаншама жемқорлық іс-әрекеттерін ашуға болатын мүмкіндік туар еді. Әлеуметтік желілерді пайдаланып, жемқорлық жайлы ақпараттар берілсе, қоғам мен халық санасына сәл де болсын жемқорлыққа қарсы ой қалыптасады.

Адам өзін тәрбиелеуші және білімді адам ешқашан ақшаның көмегіне жүгінбеуге тырысады. Адам өзгермей қоғам өзгермейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеуді және қоғамдық заңды мінез-құлыққа үйрететін отбасындағы ата-ананың да тәрбиесін бағалауға болмайды, себебі баланы тәрбиелеу ең бірінші отбасынан бастау алады. Отбасында өскелең ұрпақты тәрбиелеуге көп көңіл бөлу керек, өйткені барлығы баланың отбасында қандай тәрбие алатынына байланысты, оның ішінде құқықтық мәдениеті де сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетте бар. Ата-аналардың негізгі міндеті баланы өткен дәстүрді құрметтеуге және барынша қоғамға пайдалы риясыз қызмет етуге тәрбиелеу болып табылады. Өкінішке орай, қазіргі Қазақстан жағдайында көп ата-аналар азаматтық ұстаным мен құқықтық сауатсыздығының әсерінен өздерінің күнделікті өмірлік мәселелерін заңсыз жолмен шешуге тырысады, оның салдары болашақ ұрпаққа кері әсерін тигізеді. Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықпен күресудің тиімді әдістерінің бірі жас ұрпақпен ата-ана және қоғам болып құрылымдалған ағартушылық жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша «Таза сессия - 2024» акциясының жүру барысы комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу жұмыстарын өз деңгейінде жүргізіп жатқандығы айтылды. Бөлім меңгерушісі ҚР «Білім туралы» Заңының 63 бабын басшылыққа ала отырып, студенттерден заңсыз ақшалай қаржы жинаудың алдын-алуға қатаң тиым салу және академиялық адалдық мәселелері және педагогтер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарын үнемі бақылауда ұстау әр азаматтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттіне байланысты екендігі, білімді, бәсекеге қабілетті, сапалы маман дайындауда келеңсіз жағдайға жол бермеуді кез-келген педагог өзінен бастауды, өз ар-ұятының, әріптестерінің және шәкіртінің алдында жүзі жарық, абыройлы болуды басшылыққа алуды тапсырды.

Қаулы:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен тәрбие назарға алынсын;
2. «Таза сессия - 2024» акциясы аясында сыбайлас жемқорлыққа жол беру бөлім меңгерушісі мен топ жетекшісіне жүктелсін;
3. Күн тәртібіндегі мәселелер назарға алынсын.

Төрағасы:



Хатшы:

Ә.Нұрбекова

С.Абишева

